## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1246 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 шілдедегі N 651 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы N 235 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы* N 235 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 3-тармақтан *қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында ішкі бақылау жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1246 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., N 47, 588-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында ішкі бақылау жүргізу ережесінде:

2-тармақта:

"мемлекет кепілдік берген қарыздарды" деген сөздерден кейін "мемлекеттің кепілгерліктерін," деген сөздермен толықтырылсын;

"гранттарды" деген сөздің алдынан»"байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақта:

1) тармақшада»"(бюджеттік бағдарламалардың)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері - бюджет процесіне қатысушылар, мемлекеттің қатысуы бар субъектілер, бюджет қаражатын алушылар, байланысты гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар;";

7), 9) тармақшалар алынып тасталсын;

6-тармақтың бесінші абзацында:

"гранттарды" деген сөздің алдынан»"байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

"мемлекет кепілдік берген қарыздарды" деген сөздерден кейін ", мемлекеттің кепілгерліктерін" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта:

бірінші абзацта:

"гранттарды" деген сөздің алдынан»"байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

"гранттарды" деген сөздің алдынан»"байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

"мемлекет кепілдік берген қарыздарды" деген сөздерден кейін ", мемлекеттің кепілгерліктерін" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта:

"гранттарды" деген сөздің алдынан»"байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

"мемлекет кепілдік берген қарыздарды" деген сөздерден кейін ", мемлекеттің кепілгерліктерін" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта:

"гранттар" деген сөздің алдынан»"байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

"мемлекет кепілдік берген қарыздар,"»деген сөздерден кейін "мемлекеттің кепілгерліктерін және" деген сөздермен толықтырылсын;

"сенімді басқаруға және жалға -" деген сөздер алынып тасталсын;

15-тармақ алынып тасталсын;

16-тармақта:

бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

жетінші абзацта»"бақылау объектісін тиісті тәуекел тобына жатқызуды ескере отырып" деген сөздер алынып тасталсын;

17-тармақта:

бірінші абзацта»"10 желтоқсанына" деген сөздер»"1 желтоқсанына" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацта»"1 желтоқсанынан" деген сөздер»"15 қарашасынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақта:

үшінші абзацта»"ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органның бақылау объектісін тиісті тәуекел тобына жатқызуын ескере отырып" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацта»"уәкілетті органға" деген сөздерден кейін "келісуге" деген сөзбен толықтырылсын;

бесінші абзацта»"1 желтоқсанынан" деген сөздер»"15 желтоқсанынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақта:

"бақылау объектісінің" деген сөздерден кейін»"барлық мәселелер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

"жаппай әдіспен" деген сөздер алынып тасталсын;

21-тармақта»"(бюджеттік бағдарламалар)",»"жаппай әдіспен" деген сөздер алынып тасталсын;

29-тармақта»"міндетті тіркеуге" деген сөздерден кейін»"ал одан әрі есептен алуға" деген сөздермен толықтырылсын;

31-тармақта:

бірінші абзацта»"(бюджеттік бағдарламаларды)" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзацта»"бюджеттік бағдарламаларды",»"бағдарламаларды" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзацта»"сондай-ақ алдыңғы бақылау барысында бақылаудың жаппай әдісі қолданылмаған кезде" деген сөздер алынып тасталсын, "мәселелер мен бюджеттік бағдарламаларды" деген сөздер "мәселелерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

32-тармақтың екінші абзацында»", бюджеттік бағдарламаларды" деген сөздер алынып тасталсын;

39-тармақтың үшінші абзацында»"бюджет қаражатын," деген сөздерден кейін »"байланысты" деген сөзбен толықтырылсын;

51-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бақылау актісінің барлық беттеріне осы актіге қол қойған тұлғалар алдын ала қол қояды";

64-тармақ алынып тасталсын;

69-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша, жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мемлекеттік активтерді пайдалануда құқық бұзушылықтар белгілері анықталған кезде бақылау материалдары оларды ресімдегеннен кейін бір апта мерзімде шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдары мен басқа да уәкілетті органдарға беріледі. Көрсетілген материалдар мыналарды:";

7-бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша есептілік";

72, 73-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Қаржылық бақылау органдары жүргізген сыртқы және ішкі бақылау нәтижелері бірыңғай ақпараттық жүйеде ескеріледі.»"Қаржылық бақылау" ақпараттық жүйесінде есептілікті ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

73. Статистика жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісілген есептілік нысандарын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.";

74-тармақта»"кіріс нысаны -" деген сөздер алынып тасталсын;

77-тармақта:

екінші абзацта:

"(қажет болған кезде)" деген сөздер алынып тасталсын;

"комитетінде" деген сөзден кейін»"және оның аумақтық бөлімшелерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"кешенді немесе тақырыптық бақылау актісі;

бақылау объектісінің лауазымды тұлғалары қол қойған бақылау актісіне қосымша;";

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Қарсы және аралық бақылаудың нәтижелері негізгі мемлекеттік қаржылық бақылау объектісін бақылау актісінде және тексерілетін мәселе шеңберінде ескеріледі.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК